



www.ozen.kz



www.facebook.com/OzenMunaiGaz/

ÓZEN

№4 (50) СӘУІР, 2020 Ж.

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ



ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Сіздерді 15-мамыр Халықаралық отбасы күні мереке-сімен шын жүректен құттықтаймын.

Біз Отанның отбасынан басталатынын ұмытпауымыз керек. Отбасының қадірін білмеген, Отанын сүйіп жарытпақ емес. Отбасы – шағын мемлекет, іргетасы мықты үй ешқашан құламайды. Отбасының дамуы, жетілуі, мықты болуы АНАЛАРҒА байланысты!

Отбасы – мемлекеттің тірегі, жүрегі. Отбасы ұйытқысы – АНА. Адамзат баласының өмірінің мәні де, сәні де – отбасын құрып, ұрпақ сүю екені белгілі.

Кез келген адам үшін отбасы – әрдайым бірінші орында тұруы тиіс. Нағыз бақытты адам деп мен өз отбасы, ошақ қасында бақытты болған адамды атар едім.

Баршаңызға мықты денсаулық, отбастарыңызға амандық пен бақ береке тілеймін!

Ыстық ықыласпен,
«Өзенмұнайгаз» АҚ
бас директоры Есен Өтеев



«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Компания қызметкерлерінің өз міндеттеріне салғырт қарауын болдырмау мақсатында Қауіпсіздік қызметінің «сенім телефоны» жұмыс істейтінін хабарлайды. Қызметкерлер сенім телефонына жұмыс бабында орын алған құқық бұзушылық немесе келеңсіз жағдайдың алдын алу, қитұрқы әрекетті болдырмауға ықпал ететін өзге де маңызды ақпаратты хабарлай алатындығын қаперіңізге береміз.

Хабарлаушы азамат есімінің құпия сақталуына кепілдік беріледі.

Қауіпсіздік қызметінің сенім телефоны: +7 (72934) 65-1-54

Электронды поштасы: doverie@umg.kmgcp.kz



▼ АҢДАТПА ▼



БІРЛІГІ
ЖАРАСҚАН
БАСҚАРМА



ЕЛ ЫРЫСЫН
ЕСЕЛЕГЕНДЕР

COVID-19

ПАЙДАСЫЗ ІСКЕ
ЖОЛАМА



<https://www.facebook.com/OzenMunaiGaz/>



ЕҢБЕКПЕН МАҚСАТҚА ЖЕТКЕН ЖАН



№2 МГӨБ, №2 ҚҚСЦ қарасты №4 Шоғырланған сораптар станциясында жемісті еңбек етіп, ұжым құрметіне бөленіп жүрген Жадыраш Дос-мухаммедова өз ісінің нағыз майталман маманы. 1969-жылы дүниеге келген ол 1986-жылы Теңге аулындағы №5 орта мектепті бітірген соң, 1989-жылы О. Тұрмағамбетұлы атындағы мұнай және газ колледжін ойдағыдай тәмамдап, 1991-жылдан бері мұнай саласында абыройлы қызмет етіп келе жатқан жайы бар. 30 жылға жуық өндірісте өнімді еңбек етіп, өзі ұнатқан кәсібінің ыстығы мен суығына төзіп, Өзен кенорнының өсіп-өркендеуіне мол еңбек сіңіріп жүрген жан отағасымен бірнеше бала тәрбиелеп отырған бақытты ана.

Аталған станцияның негізгі мақсаты – мұнай өндіру нәтижесінде қабаттарда пайда болған бос орындарға тиісті мөлшерде су айдау арқылы қабат қысымын сақтап отыру болып табылады.

«Біз сораптармен жұмыс жасаймыз. Күнделікті сораптың қаншалықты су айдап тұрғанын, қысымын тексеріп, 2 сағат сайын цех үйлестірушісіне ақпарат беріп тұрамыз. Сорапты қосу, өндірістік қажеттілікке байланысты тоқтату, істен шыққан жағдайда басшыларды хабардар етіп отыру сияқты жауапты жұмыстарды атқарамыз» – дейді мұнайшы келіншек.

Жадыраш сияқты атқаратын ісіне адал, жауапкершілікпен жасайтын мамандар – компания байлығы. Кез келген іске тиянақты Жадыраш үшін жұмыста майда-шүйде деген түсінік мүлдем болмайды. Ол үшін бәрі маңызды, бәрі жедел, бәрі негізгі. Тынбай еңбек ету арқылы мақсатына жеткен Жадыраштың жұмысына табыс тілейміз.



ЖАҢЫЛДЫҢ ӘЛЕМІ

Компанияға қарасты аса маңызды басқармалардың бірі болып саналатын ӨЭМБ-да Жаңыл Ерленова 1982-жылдан бері тынбай еңбек етіп келеді. Ол еңбек жолын электриктің көмекшісі болып бастады. Уақыт өте келе 2,3-дәрежелі электрик болып еңбек етті. Жалындаған жас маман басшылар қайда жұмсаса да білекті сыбанып жұмысқа жан-тәнімен кірісетін еді. Ол комсомолдық бригада және жылжымалы күрделі жөндеу бригада бастарында, скважиналарда электрик жұмыстарын атқарып жүрді. Бүгінде орталық өндірістік технологиялық қызметте ауысым инженері болып еңбек етіп жүр. Жұмысын тиянақты орындайтын Жаңылды үлкен де, кіші де сыйлап, құрмет тұтады. Еңбек ете жүріп, белсенді жан Атырау политехникалық техникумы мен Ш.Есенов атындағы Ақтау университетін бітіріп алды.

«Жұмысым жауапкершілікті талап етеді, күн демей түн демей өндірісті үздіксіз тоқпен қамтамасыз

ету үшін ұжым болып, тынымсыз еңбек етеміз. Орталық болған соң авариялық жұмыстарды шұғыл түрде шешуге тура келеді» – дейді Жаңыл Ерленова.

Білімді де білгір маман «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ, қала әкімінің Алғыс хатымен, Маңғыстау мұнайының 50 жылдық, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ мен «ҚР мұнай-газ кешені жұмыскерлер күні» мерекесіне орай Құрмет грамоталарымен, «Маңғыстау мұнайына 50 жыл», «Қазақстан мұнайына 120 жыл» төс белгілерімен, бірнеше рет «Өзенмұнайгаз» АҚ, ӨЭМБ Алғыс хаттарымен марапатталды.

Әріптестері «Жаңыл өз жұмысының білгірі. Айналасындағы адамдармен де жақсы қарым-қатынас жасай біледі. Жас мамандарға кәсібінің қыр-сырын үйретуден еш жалыққан емес» – деген пікір айтады.

45 жылға жуық бір орында табан аудармастан жұмыс жасап жүрген Жаңыл басқарманың жаман да жақсы күндерін де көрді.

«Еңбектің наны тәтті» деген қағиданы берік ұстанған ол еңбекпен өсті, өнді, тер төге жүріп, асыл жар, ардақты ана бола білді.

Бір шаңырақтың астында отағасымен 35 жыл отау құрып, тәрбиелеген алтындай ұл, қыздарынан немере-жиен сүйіп отырған Жаңыл өміріне дән риза.

Оймақтай ой

Қазақтар жапонның көлігін мінеді, бірақ жапонның өлшемдерімен өмір сүрмейді. Америкалық сияқты жалақы алғысы келеді, бірақ америкалық өлшеммен елді дамытуға бас қатырғысы келмейді.

Асқар Жұмаділдаев,
математик



Бірлігі жарасқан БАСҚАРМА

ТАРИХЫ:

№3 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасы Мұнай және Газ өнеркәсібі Министрлігінің 11.06.1974 жылғы №311-ші бұйрығының негізінде, 1974-жылғы шілде айының 01-ші жұлдызында «Маңғыстаумұнайгаз» өндірістік бірлестігі, Өзен трактор кеңсесі болып құрылды. Небір мйаталман мамандардан тұратын басқарманың жетістіктері ауыз толтырып айтуға тұрады.

1975-жылы Механикаландырылған жөндеу шеберханасының, қосымша бөлшектер сақтайтын қойма және жүк көтеру мехнизмдері боксының құрылысы басталып, 1977-жылы пайдалануға берілді.

1976-жылы шілде айының 1-ші жұлдызында Мұнай және Газ өнеркәсібі Министрлігінің 21.05.1976 жылғы № 265-ші бұйрығының негізінде, Өзен трактор кеңсесі, «Маңғыстаумұнайгаз» өндірістік бірлестігі, №3 Өзен технологиялық транспорт басқармасы болып аталды.

1996-жылдың ақпан айында «Өзенмұнайгаз» ААҚ-ның №133 бұйрығы негізінде, Өзен технологиялық транспорт басқармасы, «Өзенмұнайгаз» ААҚ-ның №3 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасы болып аталды.

ДИРЕКТОРЛАРЫ:

Өзінің 40 жылдық тарихында аталған басқарманы 1974-1980 жж. Қойлыбай Тұрақбаев, 1980-1992 жж. Аманкелді Қылышбаев, 1992-1995 жж. Бақтығали Базылов, 1995-2009 жж. Қуантқан Айтмұханов, 2009-2011 жж. Қанат Базылов, 2011-2013 жж. Қуандық Жүгенбаев басқарды. 2014-жылдан бері Нұрбек Союнов аталған басшылық қызметке тағайындалып, еңбек ұжымының ауызбіршілік пен татулықтың арқасында жемісті еңбек етіп жатқан жайы бар.

ЖАҢА НЫСАНДАР:

2019-жылдың қыркүйек айында басқарма әкімшілік корпусы пайдалануға берілді.

1981-1983 жылдары Азинмаш-37, 43, А-50 көтергіш агрегаттарына және дөңгелекті тракторларына арналған «Балкан» жөндеу бокстары, «Термакс» техникалардың тұрағын жылыту жүйесі, жер қазу техникаларына арналған «Балкан» боксы салынып пайдалануға берілді.

2000-2001 жылдары басқарманың өз күшімен салынған арнайы техникаларды жөндеуге арналған «Модульное здание» және 50 жұмысшы орнына киім ауыстыру орны пайдалануға берілді.

2014-жылы барлық тұрмыстық жағдайлары қарастырылған 200 орынды тұрмыстық-шаруашылық орны пайдалануға берілді.

2015-жылы Механикаландырылған жөндеу шеберханасы күрделі жөндеуден өткізілді.

БАСҚАРМА ЖЕТІСТІКТЕРІ:

1974-75 жылғы қалалық социалистік жарыстың IV тоқсандағы қорытындысы және жоғарғы көрсеткіштері үшін, ұжым Қазақстан Коммунистік партиясы қалалық комитетінің ауыспалы Қызыл Туымен марапатталды. 1978-жылы автокөлік мекемелері арасындағы жарыстың қорытындысы негізінде, №3 автотіздегіне «Үздік автотіздеу» атағы беріліп, «Маңғыстаумұнайгаз» өндірістік бірлестігінің ауыспалы Қызыл Туына ие болды.

Сондай-ақ, басқарма ұжымы үлгілі жетістіктері үшін, Облыстық Қазақстан Коммунистік партиясы комитеті, Облыстық атқару комитеті халық депутаттары Советінің және Облыстық қазақстан жастар комитетінің Қызыл Туымен марапатталды.

1979-жылы жоғарғы көрсеткіштері үшін, мұнай өнеркәсібі мекемелері арасында үлкен жетістікке жетіп, Мұнай және Газ өнеркәсібі Министрлігінің дипломы тапсырылды.



1981-жылы наурыз айында социалистік жарыстың қорытындысы бойынша «Маңғыстаумұнайгаз» өндірістік бірлестігі автокөліктерінің ұжымы арасында I орынды жеңіп алған №1 автотіздеуке диплом берілді.

1982-жылы бесжылдықтың негізгі көрсеткіштерін орындағаны үшін, желтоқсан айында ССРО құрылғанына 60 жыл толу қарсаңында басқарманың №2 автотіздегі «Маңғыстаумұнайгаз» өндірістік бірлестігінің Қызыл Туын жеңіп алып, сыйлықтар иеленді.

1983 жылы II-тоқсанында басқарма ұжымы жоғары көрсеткіштері және сапалы жұмыстары үшін қалалық «Құрмет тақтасына» ілініп, Қазақстан Коммунистік партиясы қалалық комитетіне қалалық депутаты атқару комитетінің, қалалық комсомол комитетінің ауыспалы Қызыл Туын жеңіп алды.

Осы жылы Маңғышлақтың мұнай және газын өндіргеніне 20 жыл толу қарсаңында, «Маңғыстаумұнай» өндірістік бірлестігі автокөліктерінің ұжымы арасында жоғарғы көрсеткіштері үшін, басқарманың №2 автотіздегі, «Маңғыстаумұнай» өндірістік бірлестігінің «Құрмет Грамотасына» ие болып, қалалық Қазақстан коммунистік партиясы комитетінің, қалалық халық депутаты атқару комитетінің, қалалық комсомол комитетінің ауыспалы Қызыл Туын жеңіп алды. 1984-жылдың қорытындысы бойынша жоғарғы көрсеткіштері үшін №6 автотіздеу «Үздік автотіздеу» дипломына ие болып ауыспалы Қызыл Туды жеңіп алды.

БАЛА – БІЗДІҢ БОЛАШАҒЫМЫЗ:

Жыл сайын мұнайшылардың 169 баласы еліміздің түкпір-түкпірінде орналасқан «Айналайын», «Ақбұлақ», «Арман дала», «Балдәурен», «Машат арасан» және Кендірліде орналасқан «Ақбөбек» лагерлерінде демалып, шынығып, жаңа оқу жылына тың күшпен келеді.

МҰНАЙШЫ ДЕНСАУЛЫҒЫ МАҢЫЗДЫ:

Басқарма қызметкерлері мен жұмыскерлерінің денсаулығын нығайту мақсатында оларға жыл бойы еліміздің әр жерінде орналасқан шипажайларға 163, Кендірлідегі шипажайға 319 жолдама беріледі. Жақсы демалған



адамның жақсы жұмыс жасайтынын жақсы түсінетін басқарма басшылығы мамандардың денсаулығына аса зор мән береді.

БАЛАЛАРҒА СЫЙЛЫҚ:

«Бүгінгі баланың – ертеңгі ел азаматы екенін білетін, басқарма жыл сайын 900 балаға жаңа жылдық сыйлықтар үлестіріледі

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТЕР:

Ауған Тәжік соғысының ардагерлеріне 6 адамға материалдық көмек көрсетілді. 16 әріптесміз құрмет демалысына салтанатты түрде шығарылып салынды. 414 адам медициналық сақтандырылды. Ота жасаған 6 адамға қаржылай көмек көрсетілді. Қайтыс болған 1 қызметкердің банктегі несиесін төленді. Отбасы мүшелерінің мүгедектігіне байланысты 34, жақын туысы қаза болған 10, кішкентайлы болған 29, 4 және оданда көп балалары бар 87 қызметкерлерге қаржылай көмек көрсетілді. Мұнайшыларға тиісті сүт, су өнімдері дер кезінде беріліп тұр. Динамикалық бақылаудағы қызметкерлеріміз бақылауда тұр.

ТҮЙІН:

«Ынта болса адамда, қиын іс жоқ ғаламда» демекші, еңбек пен бірлікті ту етіп көтерген №3 СҚБ еңбек ұжымы ерен еңбек ете отырып, жарқын болашаққа қарай нық қадам басып бара жатыр!



Бетті дайындаған Айнагүл Күшікбай





№1 МГӨБ

1964-жылы құрылған «Өзен» мұнай өндіру басқармасы Мұнай өнеркәсібі министрлігінің 1970-жылғы 4-тамыздағы №405 бұйрығының негізінде «Өзеннефть» мұнай-газ өндіру басқармасы болып қайта құрылды. 1995-жылы 19-желтоқсандағы «Өзенмұнайгаз» өндірістік бірлестігінің №580/ө бұйрығы негізінде №1 мұнай және газ өндіру басқармасы болып өзгертілді. Басқарманың жұмысы ресми түрде 1996-жылдың 1-қаңтарынан басталып, директоры болып Қалдыбай Төлекешов, бас инженері қызметіне Қайырбек Елеусінов, бас геологы лауазымына Аманжан Өтесінов тағайындалды. Сол жылғы есеп бойынша басқармада 1143 адам жұмыс істеді, әрекеттік қорда – 1323, су айдау қорында – 506 скважина болды.

Қазіргі таңда мекемеде 1088 мұнайшы қызмет етеді. Әрекеттік қорда 1046 скважина, су айдау қорында – 324 скважина бар. Басқармада заманауи өндірістік технологияларды енгізу жолға қойылған. 20 жыл ішінде 75 скважинаға интеллектуалды басқару станциялары орнатылды. №3а ШСС (БКНС)-дағы скважиналардың су шығынын өлшейтін құрылғы қондырылды. Сонымен бірге №55, 57 Топтық қондырғыларға жерасты жаңа технологиялық жабдықтар түсіруде.

Өндірісті модернизациялау жобасы аясында басқармада Жерасты жабдықтарын жөндеу және диагностикалау цехы, Скважиналарды тұншықтыру сұйықтығын дайындау цехы пайдалануға берілді.

№2 МГӨБ

№2 Мұнай және газ өндіру басқармасы «Өзенмұнайгаз» Өндірістік бірлестігінің 19.12.1995ж. №580/ө бұйрығы бойынша 1996-жылы 1-қаңтарда құрылды.

Жерасты қабаттарынан мұнай шикізатын өндірумен айналысып келе жатқан басқарма кәсіби біліктілігі жоғары мұнайшылар топтастыра білді.

Бүгінгі таңда №2 Мұнай-газ өндіру басқармасында 737 маман жұмыс жасаса, оның инженерлік-техникалық қызметкерлері 139, жұмысшылар 568 және басшылық құрам 30 адамды құрайды.

Басқарманың құрамында 7 цех бар. Олар: №3, 9, 12 мұнай өндіру цехтары, қабат қысымын сақтау цехы, жерасты жөндеу цехы, ғылыми зерттеу жұмыстарының цехы және өндірістік қызмет көрсету цехы.

Атаулы цехтардың барлығы өздеріне жүктелген жұмыс міндеттерін мүлтіксіз орындай отырып, өндірістің қайнаған қара қазанының оттан түспеуіне үлес қосуда.

№3 МГӨБ

№3 Мұнай-газ өндіру басқармасы 2004-жылдың 1-қаңтарында құрылды. Басқарма бекітілген стандарттар мен талаптарға сәйкес шикі мұнай және газ өнімдерін өндіру жұмысымен айналысады. Мұнаймен бірге өндірілетін илеспе газ айырылып, Мұнайды дайындау және өндіріске қызмет көрсету басқармасына жолданады. Газ құбыры бойынша сепарациялаудан кейін илеспе газ «ҚазГӨЗ» ЖШС-ға, кейіннен өңдеу үшін газ өндіру және тасымалдау жөніндегі басқарудың газ жинайтын желілері жүйесіне түседі. Мұнай өндіру мұнай қабатына теңіз және тауарасты суын айдау жолымен қабаттық қысымды ұстап тұру арқылы механикаландырылған тәсілмен жүргізіледі. Басқарманың ресурстық базасы «Өзенмұнайгаз» кен орнының 1087 өндіруші ұңғымасынан тұрады, ол 1, 1а, 2, 2а, 2в және 3 блоктарға бөлінген.

№3 Мұнай-газ өндіру басқармасында 939 адам жұмыс істейді, оның ішінде 676 ер адам, 263 әйел. Басқарма құрамында мұнай өндіру процесін басқару үшін 4 негізгі мұнай және газ өндіру цехтары мен 4 қосалқы цех жұмыс жасайды. Негізгі цехтарға МГӨЦ – 1-7 топтық қондырғы, МГӨЦ – 5-5 топтық қондырғылар, МГӨЦ-10-6 топтық қондырғылар, МГӨЦ –13-5 топтық қондырғылар жатады.

Ал қосалқы цехтарға мыналар кіреді: 1) Ұңғымаларды жер астында жөндеу цехы, 18 скважиналарды жерасты жөндеу бригадасы, сораптық-компрессорлық құбырлар және шыбықтарды тазалау, сұрыптау және ревизиялау бойынша 1 ванна, құрал-саймандарды жөндеу базасы;

ЕЛ ЫРЫСЫН

электр-орталықтан тепкіш сорғыларды орнату буыны. 2) Зерттеу жұмыстары цехы. 3) Қабаттық қысымды ұстап тұру цехы, 6 блоктық сораптық станциясы және 3 су жылыту қондырғысы. 4) Өндірістік қызмет көрсету цехы.

№4 МГӨБ

№4 Мұнай-газ өндіру басқармасы (МГӨБ) 2007-жылдың 11-шілдесінде құрылды.

«Өзенмұнайгаз» АҚ-ның өндірістік құрылымдық басқармаларының бірі болып табылатын №4 Мұнай-газ өндіру басқармасы бекітілген стандарттар мен талаптарға сәйкес шикі мұнай және газ өнімдерін өндіру жұмысымен айналысады.

№4 Мұнай-газ өндіру басқармасы құрамында 7 цех бар. Олар: №4, 6, 7 мұнай және газ өндіру цехтары, №4 скважиналарды жерасты өңдеу цехы, №4 қабат қысымын сақтау цехы, №4 зерттеу жұмыстары цехы, №4 өндіріске қызмет көрсету цехы.





ЕСЕЛЕГЕНДЕР

Бүгінде №4 Мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты атаулы цехтарда 719 маман қызмет жасаса, оның ішінде инженерлік техникалық қызметкерлер – 165 адам, ал жұмысшы саны – 554 адам.

Жер астынан мұнай шикізатымен қатар ілеспе газды қатар өндіретін басқарма қарқыны жақсы. Әрине бұл бірлігі мен ынтымағы жарасып, еңбек додасында дес бермейтін ұжымның бірлікте атқарған жұмысы деп бағаланады.



АЖТБ

Автоматтандыру және телекоммуникация басқармасының тарихы сонау 1980 жылдан бастау алады. Сол кездегі «Союзнефтеавтоматика» бірлестігінің «Югнефтеавтоматика» тресінің құрамындағы мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты, «Өндірісті автоматтандыру цехы» негізінде және құрамындағы шағын учаскелерді біріктіру барысында, 1980 жылдың 19 мамырында шыққан Мұнай кәсіпшілігі Министрілігінің бұйрығымен, Жаңаөзен қаласында «Узенское наладочное управление» атауымен жаңа басқарма болып құрылады. Басқарма күні бүгінде білікті де, білімді жетекшілердің бастауымен ескі релелік схемаларды қазіргі заманауи алдыңғы қатарлы ғылыми-техникалық процесстерге жаңарта отырып, технологияларды автоматтандыру арқылы мұнай-газ саласындағы автоматика құрылғыларына үздіксіз қызмет көрсетіп келеді.

Басқарманың негізгі қызметтерінің түрлері «Өзенмұнайгаз» АҚ-ға қарасты мұнай және газ өндіру, тасымалдау нысандарында орнатылған барлық бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика құрылғыларына техникалық қызмет көрсету болып табылады. Басқармада барлығы 336 адам қызмет етеді.

Нақты айтатын болсақ басқармаға қарасты:

- №1, 2, 6, 7 автоматиканы кешенді реттеу цехтары №1,2,3,4 МГӨБ мұнай және газ өндіру нысандарының бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика құрылғыларына техникалық қызмет көрсетеді;

- №3 автоматиканы кешенді реттеу цехы МДЖӨҚКБ-ға қарасты нысандардың бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика құрылғыларына техникалық қызмет көрсету және автоматика құрылғыларын құрастыру-үйлестіру жұмыстарын жүргізеді;

- №5 ақпаратты өңдеу және ПЭЕМ техникалық қызмет көрсету цехы «Өзенмұнайгаз» АҚ-ға қарасты барлық өндірістік құрылымдық бөлімшелерде орнатылған компьютерлік құрылғыларды жөндеу, оларға техникалық қызмет көрсету және бағдарламаларды орнату жұмыстарын жүзеге асырады;

- Мұнай қыздыру пештеріне қызмет көрсету цехы мұнай өндіру нысандарында орнатылған барлық мұнай қыздыру пештерінің автоматика құрылғыларына техникалық қызмет көрсетеді;

- Жаңа техника және технологияны енгізу тобы мұнай және газ өндіру нысандарында орнатылған микропроцессорлық контроллерлер негізінде жасақталған өндірісті бақылау және басқару жүйесін сүйемелдеу, күрделі бағдарламаларды орнату және ақпаратты желісіз байланыс арқылы беру SCADA жүйесіне техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізеді;

- Аспаптарды салыстырып-тексеру зертханасы орнатылған өлшеу аспаптарының өлшеу дәлдігін тексеріп және мемлекеттік стандарттарға сәйкестігін тексеру жұмыстарын жүргізеді;

- Өрт қауіпсіздігін автоматтандыру тобы нысандарда өрт қауіпсіздігі мақсатында орнатылған өрт дабылын беру құрылғыларына техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізеді;

- Аспаптарды жөндеу учаскесі істен шыққан аспаптарды жөндеу және реттеу жұмыстарын жүзеге асырады.

БЖБ

Бұрғылау жұмыстары басқармасы (БЖБ) 2011 жылдың 24 желтоқсанында құрылды. Басқармада 20 жерасты жөндеу бригадасы, 4 күрделі жөндеу бригадасы, 2 мұнай және су құбырларын жөндеуден өткізетін, 2 жөндеуден шыққан скважиналарға тазарту жұмыстарын жүргізетін бригадалар жасақталды. Бүгінгі таңда жұмысшыларды негізгі бағытқа оқыту арқылы топтастырылғандықтан 2 мұнай және су құбырын жөндеуден өткізетін бригадалар қысқартылды.

Жұмыспен қамтылған жұмысшылардың көпшілігі арнайы техникалардың жүргізушілері және машинистері болған соң оларды өз



мамандықтарына сай жұмыспен қамту мақсатында 208 дана арнайы техника сатып алынды. Қазіргі таңда мұнай-газ өндіру басқармаларына қызмет көрсетеді. Жалпы бұрғылау жұмыстары басқармасы 4 бағытта жұмыс жасайды, яғни скважиналарды жерасты жөндеу, скважиналарды күрделі жөндеу, транспортпен қызмет көрсету, скважиналарды тазалау және жөндеуге дайындау.

БЖБ басшылық, ұңғымаларды күрделі және жерасты жөндеу цехы, №1, 2, 3, 4, 5 автогізбектері, өндіріске қызмет көрсету цехы, механикалық жөндеу шеберханасы, пайдалану бөлімі, орталық инженерлік-техникалық және техникалық бақылау қызметтерінен құралады. Басқармада 989 адам қызмет етеді. Бүгінгі таңда БЖБ-ның жұмысшылары үшін медициналық пункті, 700 орындық және 100 орындық шаруашылық-тұрмыстық кешен, екі қабаттық әкімшілік ғимараты, арнайы техникаларға арналған қойма, жанар-жағармай материалдарына арналған орын, механикалық жөндеу шеберханасы орны, сақтау аймағы, арнайы техникаларды жөндеуге арналған жылы гаражы бар.





Пайдасыз іске жолама

ОЙ ТҮРТКІ

Бүгінгі жағдай ұйқыда жатқан бізге салқын су бүркіп жібергендей болды. Бір сәт тоқтай қалып, өткеніміз бен бүгінімізге, ертеңімізге көз жүгірттік. Комфорт зонасында жүре беретіндей көрініп еді. Олай емес екендігіне көзіміз жетті. «Бай десін, мырза десін, жомарт десін» (Абай) деген мақтауларды есту үшін қарызға батып той жасаудың түкке қажет еместігін түсіндік.

Басым халыққа көп нәрсе керек емес. Қарын тоқ, басы аман болса, балашағасының ертеңіне уайымдамаса болды. Карантинде көпшілігіміздің айлықтан-айлыққа дейін өмір сүретініміз белгілі болды. Халық үкіметтен бөлінген азғантай ақшаны алу үшін банктердің табалдырығын тоздырды.

Ұлы Абайдың «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ» – деген сөзі бүгін де өзектілігін жоя қойған жоқ. «Әлемнің ең ақылды адамдарымен сырласқың келсе – кітап оқы» деген сөз бар емес пе?! Карантин кезінде адамзаттың ақылды бөлігі жаппай кітап оқуға ден қойды.

Әйгілі ғалым Альберт Эйнштейн айтқандай «әр дағдарыстың артында үлкен мүмкіндік бар». Сана өзгерсе, өмір де өзгереді. Осы кезең біздің санамызды сілкіп, өзімізге, өмірге, тірлігімізге басқа қырынан қарауға жол ашты. Сонымен, қит екенде несиені алып той жасауды тыйып, үйге келетін қаражатты өсіп келе жатқан балалардың біліміне құйып, ақшаны баянды нәрсеге жұмсап, пайдасыз істен тыйылып, анадай ыдыс керек, шубамды өзгерту керек (Өзенде шуба киетін қыста жоқ) деген «еркелікті» тастап, айналаға байыппен қарағанымыз жөн. Өзімізді де жетілдіріп, балаларымызға да дұрыс бағыт-бағдар беріп, етек-жеңімізді жинақтасақ, нұр үстіне нұр болар еді.

«Әу» дейтінді тойыңа шақырып, уыстап ақша ұстатуды тоқтатып, көрінген ойынға қатысудан бас тартып, пайдасыз іске жоламай, өзімізді биік ұстап, өзгеруге тура келеді. «Сен өзгерсең, сенің айналаңдағы әлем де өзгереді» – дейді ақылман Лао-Цзы.

Тоқетері, даңғазалықтан жиналыққа көшетін уақыт келді.

Сарша Сүгірәлі,
«Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкері



COVID-19

ЖАН ТАҢУ

Ошоға құлақ түріңіз...

Ошо – үнділік рух бастамашысы, мистик.

1. Адам робот емес.
2. Бақытсыз жандар бақыттыларды «қорыта» алмайды.
3. Ақылдылар қиын жағдайдан шығу жолын, даналар қиын жағдайға тап болмау жолын біледі.
4. Іш пысу – бай мемлекеттер үшін нағыз проблемаға айналды.
5. Байлық байлықты, қайғыру қайғыны шақырады.
6. Жай ғана өмір сүр.
7. Қарның ашса, тамақ же. Ұйқың келсе, ұйықта.
8. Адам өмірге жалғыз келеді, жалғыз кетеді.
9. Адам қажет емес проблеманы өзі жасайды. Өмірде сіз жасағаннан басқа проблема жоқ.
10. Жиі ашулансаңыз, ол әдетке айналады. Ашуды практикаға енгізбеңіз! Кейін құтылу қиын болады.
11. Бақыт келсе жармаспа!
12. Сен өмірге жалаңаш келдің, өзіңмен банктегі шотты әкелген жоқсың.
13. Ешкім өзінде бар затты жоғалтқысы келмейді.
14. Уақыт бәрін емдейді.
15. Ешқашан не үшін деп сұрама.
16. Құмарлық – күнәға жетелейді.
17. Өзгелер өзгереді деп үміттенбе, өзгерісті өзіңнен баста.
18. Өзін керексіз сезінсе, адамның өмірі мәнсізденеді.
19. Қарапайым нәрселерден ләззат ала біл.
20. Өмірде қуануға тұратын миллион себеп бар.

КІТАП – АДАМДЫ ӨЗГЕРТЕДІ

Назарларыңызға Оралхан Бөкейдің «Атау кере» романын ұсынамыз. Атау кере – адамның о дүниеге аттанарда ақтық демі таусыларда, соңғы татар дәмі екен...

Шығармадағы «бәрін сатуға, бәрін сатып алуға болады» деп ойлайтын Еріктің көрсоқыр көзқарасы адамды шошытады. Ал мейірімге сусап жүрген Айна мен қоғамның өгей баласына айналған зиялы Тағанның, жалғыз ұлмен тіл табыса алмаған Нүрке кемпірдің аянышты тағдырлары оқырманды бейжай қалдырмайды...

Автор «егерде адам баласы бірін-бірі түсініп-ұғуға, бірін-бірі аялауға, сүйе білуге ұмтылмаса, соның бір жолдарын таппаса-адамзат жойылады, құрып бітеді, апатқа ұшырайды» – деп дабыл қағады.

Талантты жазушы «адам жанына мұз қатуының» түп себебін іздеп аласұрады... Ойландырады, толғандырады. Өмірге басқаша көзбен қарауға жетелейді...

Оқыңыз, өкінбейсіз!



Алмагүл мұңкіген иістен тыжырынып оянды. Көрші бөлмедегі Ақботаның «бүлдіріп» қойғанын түсіне қойды. Кеше жұмыстан шаршап келіп, ерте жатып қалған болатын.

«Бүгін аптекадан памперс алуым керек» деп ойлаған Алмагүл жиіркенгенін барынша білдірігісі келмей, табаққа жылы су құйып, Ақботаның бөлмесіне кірді. Сыңарына бұрылып қарамаса да Ақботаның үнсіз егіліп жылап жатқанын білді. Барынша сабыр сақтап, күлімсіреді.

Он жылдан бері төсекке таңылып жатқан Ақботаның еті мен терісі ғана қалған. Көздері де шүңірейіп, қараған адамға үрей тудырады. Осыдан он жыл бұрын жиырма жастағы бұлаңдап тұрған Ақботаға көрші ауылдың көрікті жігіті Махамбет сөз салды. Ол кезде әке-шешесі тірі. Құда түскен соң, әке-шешелерінің жүректері жарылып, той қамына кірісіп кетті. Махамбетті іштей ұнатып, өзі иемденіп жүрген Алмагүлдің жүрегі жараланып, бүк түсіп жатып қалды. Жағдайын сұрағандарға «ауырып жатырмын» – деп күңк еткеннен басқа, жауап қайырмады.

Өмір деген әділетсіз екен. Егіз болып дүние есігін ашқан екі қыздың екеуінің айырмашылығы жер мен көктей болды. Әкесі де, шешесі де, тіпті тумаластары мен көршілері де томпиған Ақботаны көтеріп, соған тәтті-жұмсақтарын әкеліп жататынды. Ақбота сабақты да үздік оқыды. Енді жігіттің сырттаны Махамбет те соған бұйырайын деп тұр. Ауылдағы жігіттердің бәрі Ақботаға хат жазып, өлең жазып, ынтық болатын. Көшеде, базарда екеуі қатар келе жатқанда жігіттер Ақботаға бұрылып қарап, әзіл тастап тиісетін еді. Осының бәрі Алмагүлдің жанын жаралайтынын жан баласы білген емес.

Қайғылы оқиға болатын күні екі қыз үнді фильмін тамашалау үшін клубқа барды. Киноның әсерінен жылап шыққан екеуін Махамбет күтіп

БІР КЕМ ДҮНИЕ... (әңгіме)

алды. Жігітті көргенде Алмагүлдің жүрегі атқақтай соқты. Оның өзіне назар да аудармастан Ақботаға үздіге қарағанын көргенде қызғаныштың қызыл иті ішін жайлап тырналап бастады. Махамбет бұлармен көрші тұратын нағашысының үйіне жиі келеді. «Қанат аға үйінде жоқ екен. Көлігінің бір кілті менде... Ауылды айналып келуге қалай қарайсыңдар?!» – деді жігіт кілтті саусағымен айналдырып тұрып. Кеше көршінің ағасына көлігінің тежегіші жұмыстан шыққаны туралы айтқанын естіген Алмагүл айтуға оқталды да, тілін тістей қойды. Бір-біріне айналай қарап, жер бетінде екеуінен басқа жан жоқтай бақыттан жайнап тұрған қос ғашықты иттің етінен жек көріп кетті. Боларға да болмасқа да күле берген жігіттің бетіне түкіргісі келді.

Оқыс бұрылды да, үйіне қарай жөнелді. Ақботаның дауыстап шақырғанына бұрылып та қарамады. Үйіне келіп, көрпенің астында кіріп, өксіп жылап жатып, көзі ілініп кетіпті.

Түнде шешесінің жылаған даусынан оянып кетті. Тежегіші істен шыққан машина кранның астына түсіп кетіпті. Махамбет өлген, Ақбота жедел жәрдеммен жан сақтау бөліміне жеткізіліпті. Сол сәттегі Алмагүлдің көзінде пайда болған шайтани қуаныш белгісін абыр-сабырда ешкім байқай қоймады. Палатаға шыққан Ақботаға барып тұрып ішінен «қалай болады екен» – деді табалап...

Осы он жылдың ішінде әке-шешесі қайтыс болып, бұл Ақботамен қалды. Жұрттың бәрі «Алмагүл алтын екен. Өз өмірін құрбандыққа шалып Ақботаны жас балаша бағып-қағып отыр» – деп мұны жер-көкке сыйғызбай мақтайды. Трагедияның бір

ұшығы Алмагүлде жатқаны олардың ойына да кіріп шықпайды.

Кеше көрші келіншек «бірге тұмақ бар да, бірге тұрмақ жоқ. Қашанғы қу тізеңді құшақтап отыра бересің. Байға тиіп, бала туып ал. Ақботаны үкіметке тапсыр. Өлтірмейді...» – деп ақылын айтып кетті. Екі баламен жесір қалған қайынысын

әңгіме қылды. Телефоннан фотосын көрсетіп, ой тастап кетті.

Алмагүл көше сыпырады. Ақботаның итке сүйек лақтырғандай етіп, үкімет тарапынан беретін азғантай пенсиясы бар. Басына тартса аяғына, аяғына тартса басына жетпейтін тірліктен әбден шаршап кеткені де рас. Екеуі тұрып жатқан екі бөлмелі үйдің ремонт көрмегеніне талай заман өтті.

Ой құшағында жүріп, Ақботаның қышқыл иісі сезілген денесін, семіп қалған аяқтарын сулы матамен жайлап сүртіп шықты.

«Әуре болма, мен бәрібір сезбеймін» – деді Ақбота әлсіз дауыспен. Киімін ауыстырды. Қырына аударды.

«Бәрінен жалықтым. Өмірден тысқары қалдым. Мені жағаға шығып қалған бейшара шабақ десең де болады. Өзіммен кетпей сенің де бағыңды байлап отырмын...» – деген жарымжан жанның даусы құмығып шықты... Соңғы кезде сәл нәрсеге жылайтын болып алған...

Алмагүл терезелерді ашып, үйдің ішін желдетіп алды. Үй алдында өсіп тұрған терекке көз салды. Ол да жалғыздықтан жабырқап тұрғандай көрініп кетті. Жынды жел даладағы қоқысты ұшырып тентек балаша ойнап жүр. Көрші бала тілі салақтап жүгірген итіне жете алмай әуре.

Бағана сымында қонақтаған торғайлар Алмагүлдің мүгедек жаннан құтылғысы келген арам ойын біліп қойғандай қыбырсыз қалыпты...

Бибігүл Бөбекбай





**Біз біргеміз,
бөлінбейді іргеміз!**

Елімізде 16-наурыздан бастап жарияланған төтенше жағдайға байланысты «Nur Otan» партиясының төрағасы Н.Назарбаевтың тапсырмасы бойынша «Кедергісіз келешек», «Бақытты отбасы» және «Ардагерлерді ардақтайық» партиялық жобалары аясында жалғызбасты қарттарға, қамқөңіл жандарға, тұрмысы төмен көпбалалы отбасыларға көмек көрсету мақсатында «Бір біргеміз» қайырымдылық акциясы іске асырылды.

Сонымен, «Jas Otan» жастар қанатының ерікті жастары жалғызбасты қарттарға, мүмкіндігі шектеулі жандарға, мүжәлсіз отбасыларға 200 дана қолдан тігілген бірнеше рет пайдалануға болатын маскалар таратты.

Бұл шарадан қалақұраушы кәсіпорын «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы да тыс қалмады. Компанияға қарасты 16 басқарма қиын кезеңде жерлестеріне материалдық қолдау көрсетуде аянып қалмады.

Төтенше жағдай жарияланғаннан бері әлеуметтік жағдайы төмен 691 отбасыға көмек көрсетілді.

Бүгінгі күні 1376 отбасыға көмек берілді. Оның 542-і жалғызбасты ана мен көпбалалы отбасылар, 189-і жарымжан адамдар, 37 жалғызбасты зейнеткерлер.

Төтенше жағдайға байланысты өңірімізде құрылған «Birgemiz–Mangystau» қорынан бірінші кезең бойынша 2 113, екінші кезең бойынша 3 218 жағдайы нашар жаңаөзендік тұрғынға 50.000 теңгеден берілді.

«Он ақылдыдан бір мейірімді артық» – деген көне даналарынан қалған сөз бар. Қиын кезде мұқтаж жандарға көмек қолын созған ел азаматтарына Алланың нұры жаусын!

